


12006

468

Қалмұқан Исабай

АЛҒЫ ШЕПТЕ

60 лет Победы
Ұлы Отан
в великой
Согласии
Советской
Женщине
60 лет
60 жыл



Қалмұқан Исабай

АЛҒЫ ШЕПТЕ

60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
согласии
Стране
Женщине
войне
60 жыл



"Санат" баспасы
Алматы 2005

ББК 84 Қаз 7-4

И 83

Қазақстан Республикасы Мәдениет,
акпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Исабай Қ.

И 83 Алғы шепте - Алматы: «Санат», 2005. - 240 бет.

ISBN 9965-664-28-5

Кітапқа Ұлы Отан соғысында өскери комендант болған жазушының жазбалары-новелалары енген. Ол екі бөлімнен тұрады (1995).

Бірінші бөлімінде соғыстың алғы шебінде болған оқигалар, «Түркістан легіоньының» бір ботальоны 1942 жылдың күзінде Сталінград түбінде қызыл армия қатарына қалай шыққаны, қазақ жігіттерінің ерліктері сөз болады.

Екінші бөлімі Германияның бір қаласы коменданттының тағдыры, Сталінград қаласында қолға түскен Гитлер фельдмаршалы Паулюс женіндегі зерттеулерге орын берілген. Кітап тартымды тілде түсінікті бағндалады.

4702250201-11

И ————— 5- 05
416(05)-05

ББК (84 қаз 7-4)

ISBN 9965-664-28-5

© Исабаев Қ. – 1990, 1995.

© Исабай Қ. – 2005.

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005.

АЛҒЫ ШЕПТЕ

Сынақ

— Подполковник жолдас, кіші лейтенант Біләлов бұдан былай сіздің қарамағында қызмет істеу үшін келіп тұр,— деп баяндады. Мұқтар бой түзеп тұрып.

Сорайған төрт сирағынан басқа түгі жоқ жайдак столдың басында шашын ұстаралып алғызыған, шағын денелі, өткір көк көзді сары адам отыр. Гвардия полкінің командирі подполковник Балонин деген осы кісі.

Мұқтарға жолдама берген дивизия штабының бір офицері:

— Сен дивизиядағы жалғыз гвардиялық полкке бара жатырсың, байқа,— деп әлденеден оны сактандырғандай ескертіп қойған. — Оның командирін білесің бе?

— Білемін, — деген Мұқтар.— Подполковник Балонин той.

— То-то! Армияда айткан шыгар?

— Майдан штабынан осы есімге қанықпын. Мүмкін оны Москвада да білетін шығар,— деді де ол офицер сөз болып отырған подполковниктің аты немен әйгілі екендігінің себебін айтты. — Корсун-Шевченко операциясының шабуылы кезінде ол полкын сол қалпымен жау тылына алып кетіп операция біткенше, фашистердің есін шығарған. Ал Балониннің өзі өте шебер командир. Азамат соғысында Котовскийдің жауынгері болған. Ал операция біткенде полк еш шығынсыз қайта өзімізге келіп косылды.

— Фажап екен! — деп Мұқтар таңдана басын шайқады.

— Менің айтайын дегенім,— деп офицер аз-кем төмен қарап тұрды да, есіне бірдеме түскендей басын көтеріп алды.— Ол өз полкіне анау-мынауларды ала бермейді. Әуелі сынайды. Сонынан көнілі толмаған адамды сол жерде кері кайтарады,— деді де ол тағы да: — Байқа! — деп қойды.

Сол Балонин, міне, Мұқтардың алдында отыр. Мұқтар кірген бетте өзінің келгендігі туралы баяндағаннан басқа араларында сөз жүрмеді. Екеуі де үнсіз. Бірін бірі көзben

сынасып түрган сияқты. Мұқтар мұның атын естігенде, әсіресе, дивизия штабында оған «Котовскийдің бригадасында болған адам» дегенде Балонинды ол сол атақты Комбриг сияқты екі ішінен екі кісі мінгендей, алшамса тұлғалы, ұзын бойлы адам деп елестететін еді көз алдына. Ал қазір Мұқтар тақыр басынан өзге дene құрылышы Котовскийге мұлшем карама-карсы адамды көріп тұр.

Мұқтар шашын бір жағына қарай жантайта қайырған, үртү торсифан, дөңгелек бетті, қой көзді жігіт болатын. Денесі де талдырмаш. Әлде көз алдында түрган осы тұлғаны менсініңкіремей отыр ма, Балонин оның аяғына қайта-қайта қарай береді. «Өзінде де көрмеге қояр тұлға көрінбейді, маған несіне тесіле бересін» деп Мұқтар онымен іштей сөйлесіп тұр. Осы сөз бойына қуат бергендей ол бір түрлі салмақтана түрді.

— Училищеден келген боларсың? — деп Балонин біразға созылған үнсіздіктен кейін алғашкы сұрағын қойды.

— Дәл солай, подполковник жолдас?

— Қанша оқыдың?

— Бір жыл.

— Құніне неше сағат сабак жүрді?

— Он сағат, подполковник жолдас.

— Аз, — деді Балонин, — сабак аз жүрген. Кем дегенде он екі сағат жүргенде сонда сендер үш жылдық программаны бір жылда игеріп шығатын едіңдер.

Мұқтар «сол он сағаттық сабактан кейінде төсеккө ұшып жығылатынбыз» деген сөзді айта жаздал тоқтады. Ол өзінен әлде қайда жоғары бастиқтың алдында сөз таластырмай, әдептілік сактағысы келді. Осы жерде Балонинның тағы бір касиеті байқалды. Ол — алдында түрган адамның ойын да сөзебіледі екен.

— Қазір өндірістегі әр жұмысшы екі адамның үлесін істеп жүр. Біздің конституция бойынша бір адам құніне неше сағат жұмыс істеуге тиіс?

— Сегіз сағат.

— Ендеше қазір олар он алты сағаттан істейді, — деді Балонин. Оның бұл айтқандары Мұқтардың көмейіне тіреліп келіп қайткан сөзіне қарсы пікір сияқты еді.

— Траншеялы қорғаныстың ерекшеліктерін менгердіндер ме?

— Менгердік, подполковник жолдас! — деді Мұқтар мудірмestен.

— Траншеялы қорғаныста бекініп жаткан жауға қарсы шабуыл жасаушылардың қарқыны неге байланысты?

Мұндай қорғаныста жаткан дүшпанмен бетпе-бет кездескенде Мұқтардың іс жүзінде не істерін кім білсін, ал сөз

жүзінде ол бұл сұрақтың жауабын білуші еді. Соңдықтан да сұрақтың ізін сұйтпай жауап берді.

— Жеке болімшелердің колы жеткен алғашқы қарқынды жаппай қолдап, жау корғанысына тереңірек сұнгіген сайын шабуылды үдете түсі қерек.

— Так,— деп алды Балонин,— ал, алғашқы қарқынға қалай ие болу керек. Яғни оны қолға қалай түсіріп алу қерек?

— Алғашқы қарқынға ие болу—шешуші бағыттағы әр бөлімше командирінің соғыс жағдайын ой санаасына салып, ұтымды кезеңді көре білуі мен ұрыс инициативасын өз колына ала білетінінде.

— Так,— деді Балонин тағы да,— жауабыңа қарағанда сендерді жаман оқытпаған болу қерек...

Полк командирінің уақытша кабинетіне айналған румын шаруасының үйінен шықканда Мұктарда бір-ак ой бар еді. Ол — дивизия штабынан естіген «полкіне жаңадан келген офицерге Балонин жауынгерлік тапсырма беріп сынап алады» деген сөз. Я, осыны Мұктар да күтіп еді. Бірақ «алтыншы ротаның екінші взводына командирлік қызметке барының» дегеннен басқа Балонин ештене айтпады. Оның тапсырма бермеу себебіне бір жағынан Мұктардың өзінің де көзі жеттін сиякты. Фашистік Германияның бұрынғы сыйбайласы Румынияның одактастық шартын бұзып, сол Германияның өзіне қарсы соғыс жариялағанын Мұктар училищені бітірер алдында естіген. Осыған байланысты фашист армиясының табаны жерге тимей батыска қарай қашып бара жаткан. Ал, совет солдаттары дүшпанына бұта сағалатуға мұрша бергізбей оны өкшелеп қуып келеді.

Балонинның полкі дивизияның алдынғы отрядында келе жатты. Бұл — яғни, егер жау жағынан кездейсок қарсылық кездесіп қалса, онымен ұрысқа алдымен осы полк түседі деген сөз. Жау қарсылығы күшті болса, дивизияның басқа бөлімдері де ұрыска біртіндеп араласа бастайды. Ал қарсылық елеусіз болса — мұндай кедергіні алдынғы отряд өз күшімен жорық қарқынның нұқсан келтірмей-ак жолжөнекей жойып отыруға тиіс. Мұктар осындай жағдайда, жорық кезінде майданға келіп, өзінің екінші взводын колына алды. Ал, Балонинның оған тапсырма бермеу себебі ол осы жорықтан, полктың күрделі қарсылық кездестірмейінен көрді.

Европа аспанын торлаған күздің сүреңсіз бұлты бірде жауып, бірде жаумай батыска қарай дамылсыз көшіп барады. Әр адамға бейбіт көктемін бір күн болса да ертерек алып барғысы келіп, бейбіт өмірдің күнін бір сағат болса да ертерек шығарғысы келіп, асыға адымдап келе жатқан

азаттық армиясының қарқынды жорығымен бірге сұрғылт бұлт та фашизм ордасына шүйілуге асығып бара жаткан сиякты. Енді бір сәтте сол қалпымен, сүренсіз бұлт, дене қалтыратқан күз салкынымен бірге Мұқтардың көзіне фашизмге лағнат айтып түйілген әлемнің қаһарлық қабағындағ болып көрінеді.

... Жау қолындағы Украина жері жылы жұзбен қарсы алмады.

Алдыңғы отряд осы жерде жау қорғанысына кездесіп, қапатын кең жайып жер бауырлап жатты. Подполковник Балонин барлаушылардан алған акпары мен жалпы майдан жағдайын топшылай келіп, бұл – жаудың асығыс түрде жасаған уақытша қорғанысы екенін білді. Жә, батысқа қарай ылдилай беретін жер жағдайы да осыны аңғартқандай еді. Соғыс ғылымы бойынша мұндай қорғаныстардың жарасы женіл болатын – дүшпанның көзі алдында көп кідіріп жатып алмай, шабуылшы жак жағдаймен танысып алғаннан кейін жауға бірден лап қоюы тиіс те, оның ес жинауға мүршасын келтірмей белінен басып, стратегиялық аймағына бірақ шығуы керек.

Балонин кешкүрим полк офицерлерін алдыңғы шепке түгел шығарды. Бәрі де жер бауырлап жатыр. Әзірше маңай түгел көрінеді. Алда төрт жұз метрдей жерде шиқандай томпиган бір тәбе түр. Ол дүшпанның жауынгерлік күзеті. Ал оның бірінші траншеясы төбеден тағы ұш жұз метрдей әрі болуға тиіс. Сонда, бұл полктан жаудың алғы шебіне дейін жеті жұз метрдей. Жауынгерлерді тұра осы жерден шабуылға шығарғанымен траншеяға дейін өкпесі өшіп, жете алмаулары мүмкін. Жә, екі ортада, өңешке қадалған қылтанактай болып тұрған мына төбенің үстінде де күзет бар. Оның шабуылға тигізер кесірі қанша десенізші. Ендеши, ең алдымен бүгін түнде осы төбені қолға алу керек те, бүкіл полкты таң атқанша соның қатарына шығарып, жаудың алғы шебіне неғұрлым жақынырақ төніп бару керек. Балонин полк офицерлерімен жағдайды талқыласып, осындай шешімге келген еді... Кенет ол сол жағына қарай бар денесімен бұрылып:

— Кіші лейтенант, Біләлов,— деп дауыс берді.

— Мен,— деген Мұқтардың басынан сол сәтте-ак «синау басталды» деген ой бір елестеп өтті. Ол сазды жермен еңбектеп, сарғылттанған шөпті жапыра, өз сонынан із калдырып подполковниктің жанына еңбектеп барды.

— Анау төбенің көлемін өлшеңізші? — деп Балонин оны сұрақ қоя қарсы алды.

Мұқтар төбенің осы жерден қашықтығын, биіктігін ойша

шамалап алды да, оны әскер математикасының ең оңай формуласы «ДУВ» — ка салып, жауабын тез қайтарды.

— Төрт жұз шаршы мәтрдей болады, подполковник жолдас...

— Сол төбені жаудың қанша күші бекініп жатыр деп ойлайсыз?

— Шамамен взвод,— деді Мұқтар.

Балонинның Мұқтарға ендігі айтқандары пікір алысу үшін айтылатын жай сөз емес, бұйрық болды:

— Өз взводыңызben бүгін түнде осы төбені алуыныз керек! Сенде де бар қырық шақты солдат, жауда да соншама. Онда төрт қол пулемет болса, ол сенде де бар! Совет офицері ретіндегі өзінің артықшылығында көрсет осы жерде.

— Құп! — деді Біләлов сол жаткан беті.

— Төбені алған соң екі ақ ракетамен белгі бер,— подполковник енді Бләловка бетін бұра сөйледі.— Сіз совет офицерісіз. Ал совет уставы офицердің қолын байламайды, соғысты да творчестволықпен жүргізуге ерік береді. Бірақ дәл мына екі нәрсе есінізде болсын: бірі — тапсырманы уақытында орындау, екіншісі — адам шығынының қайткенде аз болуы.

— Тұсінікті, подполковник жолдас.

— Майор Сорокин,— деп дауыс берді Балонин қоюлана түскен қараңғыда.

— Мен,— деген Сорокиннің таныс даусы естілді.

— Сіз төбе үстіне он минуттік артиллерия дайындығын жүргізесіз, ол кезде жаудың баспанасына жасырынып кетуі мүмкін, сонын аз кідірістен соң, жау баспанасынан шығып, төбе үстіне қайтып келді-ау деген кезде екінші рет он бес минуттік артиллерия дайындығын тағы қайталайтын болыныз!

— Тұсінікті! — деді майор Сорокин.

— Капитан Петрян!

— Мен, подполковник жолдас — деп он жактан біреудің гүжілдеген дауысы естілді.

— Сорокиннің алғашқы он минуттік дайындығы кезінде сіз минометінізben төбенің батыс түбіндегі жаудың баспасын атқылаңыз!

— Тұсінікті,— деді капитан Петрян да.

Мұның бәрі кіші лейтенант Біләловқа, біріншіден күшкөмек еді, екіншіден — адам шығынын азайту, тіпті, болдырмау турасындағы Балонинның өз шарасы болатын.

Түн ортасында кіші лейтенант Біләлов жау ракетасынан тасалана жылжый отырып, взводын төбе түбіне үнсіз алып келді. Солдаттар сызды жерге төстерін төсеп жатты. Біләлов төбе түбіне жеткені туралы өз соңынан сымын тарқатып

келген телефон арқылы подполковник Балонинге хабар берді.

* * *

Сойтіп Мұқтардың дәл алдында Венгрия ойпатының табалдырығына ұқсан осы бір төбе жатты. Ол осы табалдырықты аттау үстінде соғыс сынынан отпек. Мұқтар әрлі-берлі ойлап караса, бұл сын озі биыл ғана бітіріп шыққан әскери училищені бітіргендегі сындағы смес екен. Ондағы жау өңкей тактайдан жасалған бейне болатын. Оған карсы атылатын ок та бұрқ ете қалатын дәрі ғана. Ол сында әйтеүір жан ұшыра жүгіре беруінді біл. Өлу, жаралану дегендер хабарға кіріп шыклайтын. Дәл қазір-ше? Нағыз соғыстын өзі. Мұнда, басқаны былай қойғанда Мұқтардың жаралануы да, тіпті, өлү де мүмкін. Яғни баяғыдай жүгіре берумен бірге қазір бас саулығын да ойлау керек екен. Ойлағанда жалғыз өз басынды ғана емес, мына оңды-солды жаткан солдаттардың да аман қалуын ойлау керек. Олардың тағдыры дәл қазір Мұқтардың қолына берілген. Подполковник әсірепе осыны мұқият ескерткен еді. Суворов өзінен әлденесіе есс басым жауын қалай женіп жүрді екен осы? Бекіністегі взводқа рота қарсы шабуыл жасау керек. Сол сияқты ротага – батальон, батальонға – полк. Яғни шабуылшының күші корғанушыдан үш-төрт есе көп болуы шарт. Ал менің қолымда – взвод. Төбеде де – взвод. Жағдай қалай болар екен? Түн мынау, – қандай айла тапсан да, жаудан жасырын іске асыруыңа көмектесем дегендей тастай қараңғы... Мүмкін осы тұстан бірдене табылар... Бұл төбенің гой мен шығыс жағында жатырмын. Ал, Сорокин зеңбіректері сойлеп кеткенде жау солдаттары, төбе үстіне бір-екі құзетшілерін қалдырады да, батыс жагындағы баспа насына тығылады. Баспанадан оларды Петрянның миналары тауып алады... Яғни, бұл – жау біраз шығынға ұшырайды деген сөз. Саны кемиді. Біздің жақтан түсken снарядтардың сирей бастағанын байқап жау төбенің үстіне қайтып келіп енді жайғаса бергенде Сорокин оларды тағы да төмпештейді... Осы жолы мен бір соққыдан соң бір соққыға кездесіп есенгіреген дүшпанға үн-тұнсіз лап койсам... Мұхтардың бұл ойлағандары соғыстың жаттанды қағидасы еді. Оларды училищеде осылай оқытқан. Осы тұста қараңғыда оның көз алдына училищеде тактикадан сабак беретін кәрі майор елестей қалды. Ол келесі айтар сөзін курсанттардың есінен мәнгі қалдырығысы келгенде, күрен кабағын түйіп алып, ерекше сұр байқататын. Май-

ор казірде Мұқтардың көз алдында дәл солай түр. Кемиек аузынан нығыз шыққан әр сөзінен кейін қолын сермейді. «Тағы да қайталаймын. Жүріп жатқан Отан соғысының тәжірибесіне қараганда жау өз солдаттары жатқан позицияны да алдын ала қарауылға алып қояды. Сол позицияны олардан біздің күш тартып алған жағдай да, арттағы минометі мен зенбіректері дайын қарауыл бойынша сиарайд, миналарын төгіп жібереді!..» Осы ойы үстінде сол миналар мен снарядтар дәл қазір өз үстіне жауып кеткендей селік етті. Тұла бойы мұздап сала берді. «Янырай, Сорокин зенбіректері екінші рет атқылағаннан кейін төбенің үстіне мен взводыммен атып шықсам... Жау зенбірегі менін немді қалдырығандай!»

Мұқтар қанша ойласа да, қайтсе төбені алуға, қайткенде солдаттарын аман-сau қалдыруға болатындығының лаҗын таппады. Қатты ойдың әсері болар, оның самайы солқылдап, денесі қыза бастады. Сонда да ойлай берді... Дегенмен, әлден соң оның басына бір айланың елесі келе қалған еді. Мұқтардың басына сол айланы алып келіп салғандай, сол сәтте, төбе үстіне Сорокин батареясының алғашқы снарядтары бұрқ-сарқ жарыла бастаған еді.

«Таптым, таптым...» — деді Мұқтар ішінен. Үнсіз айтылған осы сөзімен бірге денесіндегі ыстық тағайып болды. Самайының солқылы да басылды...

* * *

Жан-жақтан телефон сымдарын өз маңына тартқызып, төбеден көз алмай алдыңғы шепте жатқан подполковник, осыбір кішкентай операцияны өзі басқарғандай еді. Маңында қараңғыға тессіле қарап штаб офицерлері жатыр. Бірінде үн жок. Тек Сорокин снарядтарының аспанды тіліп өтіп, шүйіліп барып тобе үстінде жарылған гүрсілі ғана естіледі. Ия, оның снарядтары жарқ-жұрқ етіп нысанага дәл түсде.

Осы кезде арт жактан да сондай гүрсілдер естіле бастады... Балонинның қол астындағы телефон ызың ете қалды. Ол трубканы қулағына тақады. Сорокин екен.

Жау оның батареясының тұрган жерін бағдарлап алып, атқылай бастапты.

— Атуды тоқтат та баска позицияға көш! — болды Балонинның бұйрығы.

— Сол сәтте Сорокин зенбіректерінің атылуы тоқталды да, тек Петрян миналарының аспан тіліп өткен ыскырығы ғана естілді. Ол әлгіден бері бұйрық бойынша артиллерия

дайындығымен бірге жаудың баспанасы осы тұста болар-ау дегендей төбенін күн батыс жағын ұрғылаپ жатқан еді. Аздан кейін ол да су сепкендей тына қалды. Әлем құлакқа ұрған танадай тынышталды. Төнірек жым-жырт.

Балонин «шықпа, Шықпа тәбеке» деп Мұқтармен іштей сөйлескендей осы сөзді қайталап жатыр. Белгілі уақыт откеннен соң басқа позицияға орналасып алған Сорокин батареясы тағы-сөйлеп коя берді....Жау зеңбіректері оған он бес минутты тағы да толық пайдаландырмады. – Сорокин батареясының бұл жолғы позициясын да біліп қойған еді.

– Енді шық, енді шыға бер, шабуылға, – деп жатыр іштен Балонин. – Ат аспанға, келісілген екі әк ракетаны ат!

Бірақ төбе жактан еш белгі көрінбеді. Телефон да үнсіз. Балонин сызды жерде тастай түйіп алған жұдырығымен койғылай берді. Үнсіз минуттар бірінің сонынан бірі жылжып өтіп жатыр. Төбе жактан белгі жоқ. Егер бұл төбе осы түнде алынбаса, жаппай шабуыл бір күн кешігеді. Яғни, ол жау бір күнді ұтты деген сөз. Оның бір күн ұтқаны біздің бүйіркты орындаі алмағанымыз... Дәл осы кезде оң жактан:

– Оны жібермеу керек еді, – деген әлдекімнің тұңілген дауысы естілді.

Бұл дауысты онсызда тартылып тұрған ой жібіне тиген пышақ жүзіндегі сезінген Балонин:

– Қысқарт! – деп шолак қайырды. Неге бұлай бүйірғаның өзі де сезбеді. Мұның орнына осы жерде ол офицерлерінен пікір тартып ақылдасу керек емес пе еді. Я, енді біреу бірдене десе ол сөзге бар еді, бірақ ешкімнің үні шықлады.

Осы кезде төбе жактан сіркіреген жаңбырлы тұнді как айырғандай айбынды «Ура» естілді. Балонин селк ете түсті. Ол Біләлов мұндай тосынды іске бой ұрады деп еш уақытта күтпеген еді. Енді не болды! Дәл төбе үстінен бората ағылған винтовка, пулемет дауысы урадан да өктем естілді. Лақ еткізіп құса салғандай тынымсыз пулемет тырылы мен үсті-үстіне атылған винтовка октарының бір шеті Балонин жатқан жерге дейін, ұшып келіп шартылдап жатыр. Бұл атыс төрт-бес, минутке созылды.

Балонин енді жерді кос қолдап түйгіштеуде. Қазіргі оның өнінің бұзылғандығы сонша, егер жарық уақыт болса, маңына бір де бір офицер жоламағандай еді. Әлгінде төбе жактан «Ура» естілгенде жанында жатқан офицерлердің бірі «вот дурак» деп қалған еді. Енді сол дауыс «ондай офицерге, сондай тапсырма берген сен дурак» деп сыйырлайтын сияқты. Дегенмен, оның екі көзі төбе жакта, кім біле-

ді, әлде бір сиқырдың күшімен төбе үстінен екі ақ ракета көрініп қалар.

Кенет төбенің үстінен естілген бұрқ-сарқ оның ойын тағы бөлді. Қөзі шарасынан шыға бар денесін көтеріп алды да, тізерлеп отырды. Ол — өз позициясын ұрғылаш жатқан жау снаряды еді. Яғни, жау төбені тастағанда, Біләловтың взводын үстіне шығарып алыш, мынау соны «құймақисен» қарсы алғып жатқан түрі ғой. «Ах, шикі, ах, шикі» жау снарядының астына солдаттарды түгел апарып салды-ау! Расында да тіс қаққан офицерді жібермеген екем». Дұшпан төбе үстін атқылаған сайын Балонинның Мұқтарға деген қаһары үдей түсті,— «өзі тірі қалса штраф батальонына жіберемін!.. Трибуналға!.. Ең қатал жаза колданамын... Атамын!» Балонинның сөзін макұлдағандай ол ішінен «атамын» деген кезде жау да төбені төмпештеуін тия койды. Осы сөз Балонинның тілінде әлі түр. Атамын, атамын!.. Ол телефон құлағын бұрап көріп еді. Үн жок. Маңында да үн жок. Бір сәт осы манда жалғыз өзі ғана қалғандай елегізіп маңайына караса, офицер біткен түп түгел тізерлеп отыр екен. Осы отырыстарының өзі Балонинге олардың үрпісіне қалғандарын аңғартқандай болды. Басын қарсы алдына кайта бұра бергенде, төбе үстінен бір ақ ракета аспан пердесін түргендей дірілдеп көтеріледі де шырқау шегіне жетіп, төмен қарай құлдырай беріп еді, оны куа тағы бір ақ ракета самғады...

Балонин ауыр күрсінді. Устерінен батпан түскендей үнді маңындағы офицерлерден де естілі. Колын көтеріп еді, маңдайынан сұп-сұық тер шықкан екен, қалтасынан орамалын алғып сұртіп отті.

Балонин сол қолымен телефон трубкасын басып отырған. Үзын еткен үн естілісімен-ақ жұлып алғып құлағына апарды.

— Жалғыз (Мұқтардың бұркеме аты осылай болатын) өзін бе? Шиқанды алдың ба? (Бұл тебенің бұркеме аты).

— Кожайын, бұйрығыныз орындалды,— деді ар жактан Мұқтар.

— А, шығын-ше, шығын көп пе?

— Екі қарындаш шатынады.

— Сынғаны бар ма, сынғаны?

— Жок, сынғаны жок.

— Бекін! — деді де Балонин трубканы койып, маңына жинала қалған офицерлерге бұрылды,— екі солдат жарапаныпты. Өлгені жок.

— Фажап! — деп қалды бір офицер.

— Неге «Уралапты?» — деп сұрады штаб бастығы.

— Өзің естіп түрдің ғой,— деді Балонин оған,— мен оны

сұрагам жоқ. Жаңына барған соң білеміз. Ал казір түгел төбеге қарай жылжындар. Таң қарандысы өтпей шабуылға шығу керек.—Онын бұл жолғы үні көнілді, ойнакы естілді.

Бұл соғыста соғыстар тәктикасының жиे қолданыла беретін жаттанды жағын әбден біліп, осыған байланысты немістер де әккіленіп алыпты. Мұны Балонин соғыстың басқа жагдайларынан бұрыннан біліп жүруші еді, бүгін тағы да көрді. Төбе үстінде жаткан немістер баспаналық траншеяны оның батыс жағынан қазбапты, онтүстігі мен солтүстік жақ етегінен казыпты. Ал Петряинның миналары тек бос жерді ұра беріпті.

— Желеткенің женін жұлған екенсің,— деп құлді полк офицерлері Петрянға бұл жайы туралы.

— Алғашқы он минуттық артиллерия дайындығынан кейін де жау позициясына келіп орналасқан жоқ. Баспаналарында отыра берді,— деді болған оқиғаны Балонинге баяндап тұрған Біләлов.— Тек төбе үстіндегі күзеттерін ғана күштейте түсті.

— Бұл жайларды қайдан білдін? — деп сөзге килікті штаб бастығы.

— Сорокин зеңберектері алғаш атқылаған кездे жау окоғына жақын барып тыңдал жату үшін арнаулы барлаушылар жібердім. Солар маған үздіксіз хабарлап тұрды.

— Қарай көр! — деп қалды Балонин. Өзі үлкендерден ғажайып ертегі естіп отырған сәбидей екі көзімен Мұқтарды жеп барады.— Ал, сонан соң?

— Содан, зеңбіректер екінші рет атқылағаннан кейін, сол барлаушылар арқылы, снаряд астында қалмақ түгілі желкелеріне топырақ түспеген жау солдаттарының тобе жаңындағы баспанадан шығып, позицияға түп-түгел жайғасқандарын білдім.

... Бұлхабарға Мұқтар қатты қынжылған. Қынжылмай ше, манадан бері төбені үрғыштап жаткан өз жағының снарядтары мен миналары зая кетіпті. Ол «өзім» деп лаулаған жан үшін елемес бұйым ба. Осы жерде Мұқтар төбені бұрыннан қарауылға алып койды-ау деген неміс батареясының снарядын оның өз солдаттарының үстінен жаудырғысы келеді. Бұлай істеу үшін жау батареясына төбені алып қойған белгі білдіру керек. Осы белгі үшін Мұқтар взводына жаткан жерінен козғалмай бәрі қосылып «ура» айғайына басуға бұйрық береді. Я, ол ураның қаншама айбынды шыққандығына Балонинның өзі куә болған. Мұқтарлардың алғашқы урасынан кейін-ақ жау батареясы төбе үстінде жаткан өз солдаттарының үстінен отты қорғасынды құяды келіп...

— Шынын айтқанда — деп Мұқтар сынар езуін тар-

та, жасқана сойледі,— өз батареяларының жанында біздің зенбіректер жау солдатын аяған екен... Дүшпан батареясының үні өшкеннен кейін, іле-шала төбе үстіне біз де шықтық. Жалғыз оқ атып карсылық көрсектен дүшиан болмады. Бәрі жайрап жатты. Соңан соң сізге екі ак ракетамен белгі бердік.

Балонин Мұқтарға біраз көз тоқтатып отырды да, штаб бастығына бұрылды.

— Кіші лейтенант Біләловка гвардия атағын беруге бүгін бүйрек жаз! Бұл гвардия полкінде қызмет істеуге тұрарлық офицер.

— Құп! — деді штаб бастығы.

Фонарь

Жорық, жорық, жорық.

Майдан жорығына катысуышылардың бір-ак арман-мақсаты болады — жауды өкшелей қуып отырып, жеткен жерде жұмарлап тастау. Бұл арман төртінші рота командирінің көмекшісі он сегіз жасар солдат Кәкен Бәдіғұловта да бар. Бірак оның басын тағы екі арман билеп алған еді. Алтыншы рота командирінің көмекшісі Сергей колына бір фонарь түсіріп алыпты. Ақ та болып жанады, көк те болып жанады, қызыл да болып жанады. Көргенде Кәкен қатты қызыққан. Сұрап еді, бермеді. Сат деп айтуға Кәкен бойында құны мени қасиеті фонарьға сай келерлік-тей ештеңесі жок еді. Ондай фонарьды өзі де іздел көрді. Таба алмады. Дегенмен арманынан айныған жоқ. Элі іздел жүр... Бір арманы осы. Жуырда оның үстінен тағы бір арман қосылды. Ясса-Кишенев операциясынан кейін фашистік Румыния жеңілгенін мойындаған еді. Ел тағдырын халықтық-демократия колына алып Германияның озіне қарсы соғыс жариялаган болатын. Сол себепті гитлер армиясы үшін Румыния жері тосек, тасы қалқан, аспаны пана бола алмады. Оны өкшелей куя берген Совет Армиясында да тыным жоқ. Алда авангард. Фашистердің жол-жөнекей қалдырған тосқауылдары мен соғыс салатын да сол. Арттағы негізгі құштің тоқтаусыз жылжуына қарағанда авангард өз міндетін ойдағыдай атқарып бара жаткан сиякты.

Негізгі құш қоналқа жерге келіп тоқтағанда, ешкім шашау шығып кетпейтін. Бұл жөнінде полк командирі арнайы бүйрек жариялаған. Дегенмен екі-үш құннен бері төртінші ротада бұл әдет бұзылып жүр. Бәдіғұлов жылдыстат, маңдағы деревняларға кетіп қалып жүр. Ол өзінің лейтенанттымен

Ясса-Кишенев операциясын басынан-аяғына дейін бірге өткізген. Қын-қыстау кезендерде екеуі окоп түбінде бірге жатты. Шабуылда командирі соңынан бір қадам қалмайтын. Жә, соғыс арасында, пайда бола қалатын сәлтынысталейтенантта Кәкенді іздеп жан-жағына алактай беретін. Сондағы оның онды-солды төңкерген өткір қөзінен көмекшісінің оміріне қатер төнін қалды ма деген үрейді байқауга болатын еді. Қөзіне Кәкен шалына қалған уақыттағы жүзіне ойнап шыға келген қуанышты көрсөні! Міне, сол лейтенанттың аяғы қажалып, аксандал келе жатканына екі күн болды. Кәкенді полк командирінің бүйріғын бұзуға мәжбүр еткен осы жай. Ол командирі мініп жүретін ат іздеуге кіріскең.

Кәкен қонып жатқан қалың қол ішінен ұрланып шығады да, мандағы деревняға келеді. Жұпымы үйлерге жоламайды. Оның да өз әкесі сияқты жалғыз бие, жалғыз сиыр, үш кой, бір ешкісі бар шаруа тұруы мүмкін. Кәкен ондайларды жәбірлете ала ма? Жок! Ол сәулетті, еңсөлі, биік баспалдак үстінде шіреніп-шіреніп тұратын жуан колоннасы бар үйлердің ауласы мен кора-жайына кіріп түгел сүзіп шығады. Мұндай жерден ат-мат табыла қалса, сөз айтайын деп жүрген ол жок. Қорған жерде «конфискаламақ» ойы бар. Бірақ ондай үйлердің маңынан тірі караны көру киын. Помещиктер мал біткенін Кәкеннен жасырып, бір жаққа күп тастағандай.

Бір мақсаттың сонына мықтап түскен адамның жолы болмас па! Акыры аттың да сәті түсті-ау! Бір күні рота түстеніп жатқанда Кәкен бұта-бұтаны тасалап көрші деревняға бара калмас па. Караса көшенин дәл ортасымен салт атты румын офицері келе жатыр. Аты да жирен, киімі де жирен, өзі де жирен. Кәкен көп ойланып бөгелген жок. Қарсы алдына барып, автоматын кезеп тұра қалды да:

— Хенде хох! — деп айқай салды. Офицер тізгінді қоя беріп, қолын көтерді.”

— Рус плен,— деді ол.

— Түс! — деді Кәкен автоматының тұмсығымен жерді нұскап:

— Я, исст офицер. Лейтенант. Рус плен,— деді салт атты өзін қеудеге түртіп.

— Пленге жаяу бара беруге де болады. Түс! — деді Кәкен тағы да алғашкы кимылдарын жасап.

Офицер «саған не айтуға болады» дегендей, иығын котеріп қалды да, атынан түсті. Тізгінді Кәкеннің қолына ұстартты. Кәкен автоматын арқасына қарай сырғытып тастап, аттың мінер жағына келді. Енді байқады, биік екен. Мойыны да ұзын-ак. Оның үстіне асаулау ма, немене,

тықырши берді. Жә үзенігі де аспанға ілінгендей. Кәкен бір колымен жалдан, екінші колымен ерден ұстап тұрып:

— Эй, — деп офицерге дауыс берді де, «мені мінгізіп жібер» дегендей аяғын көтерді. Офицер оны қөзді ашып-жұмғанша жириен ат үстіне ыргытып жіберді де, өзі төменин ырсылып күлді:

— Вий Наполеон!

Кәкен атты аяңдата бергенде офицер оның алдына тұсті. Пленге совет солдатының конвойымен бармақ. Бірақ Кәкеннің ойы басқа еді. Арғымакты желдіріп жүрмек. Егер бұл маңнан өзінің даласында шексіз жазық кездестірсе, көсілтіп алмакта ойы бар. Бірақ, таулы жер атқа бауыр жаздыраш емес, адым аттаса болғаны, бұрылыш, ой-қыр. Сол себепті ол желіске де риза болмак. Ал мына офицер алдында келе жатқанда Кәкен арғымағын қалай желдірмек. Осы румын әскерлері лек-легімен келіп өздері-ақ беріліп жаткан жок па? Бұл да соның біріне ұқсап, жетпей ме іздеген пленіне.

— Эй, — деді тағы ат үстіндегі. Анау жалт қарағанда Кәкен «жолдан былай тұр» белгісін көрсетті. Офицер тротуарға шыға берісімен-ақ Кәкен арғымағын тақымдаш жіберіп, алшандай басқан ерке адыммен желе жөнелді. Мына мүйістен бұрыла бергенде Кәкен артына қайрылып қараган болса, әлгі офицердің «сапарың сәтті болсын» дегендей кол былғап тұрғанын көрген болар еді. Бірақ ол алдындағы жолдан басқаға назар аудармады. Румын офицерін мүлде ұмытқандай еді. Ол өз лейтенантын ойлап келе жатқан. Қазір лейтенантты мына атты көре салып қуанады деп ойлады. Өзімді арқадан қағып «молодец» дейді. Бәдігүлов лейтенантына ат тауып беріпті деген соз бүкіл батальонға жайылады. Қемекші болса, сондай болсын деседі. Оны естіп Сергей де жүгіріп келуі мүмкін. Қызық болғанда, казір мен барғанда ол біздің кухняның маңында жүрсе...

Кәкенді алдымен рота солдаттары алыстан көріп, шулап қарсы алды. Лейтенант та алдынан шықты. Бірақ, неге екени белгісіз, оның жүзінде құлкі жок. Сұсты.

— Мынауың не? — деді ол сөзді неден бастарын білмендей.

— Ат.

— Қайдан алдың? — Кәкен болған оқиғаны жасырмай айтып берді.

— Мұны қайтейін деп едін?

— Сіздің аяғының қажалып жүрген жок па? Лейтенант гәпке түсінді. Іштей риза болды. Бірақ ол бүкіл ротада жалғыз қоқып атқа мініп жүре алмайды ғой. Ол аттан бас

тартты. Оның үстінен полк командирінің бүйрекшілігін бұзғаны үшін Кәкенге «ұш наряд» берді. Рота конфан жерде ұш кеш үдайы картоп тазалауға барып жүретін болды.

Артта ротаның жүгімен азық-түлік, оқ-дәрісі салынған арба келе жатқан, старшинаның бүйрекшілігі бойынша Кәкен атын соған жетектеп кетті. Лейтенант атқа мінбегеннен кеңін Кәкенге реніш пайда болып, басы салбырап түсіп кеткен еді. Аттың да басы салбыраңқы. Өзінің іске жарамай қалғанын ол да уайымдал келе жатқандай. Старшина сонау совет-румын шекарасынан бері келе жатқан жуас көк атын доғарып, оның орнына арғымакты жегіп еді, тулат, арбаның тас-талқанын шығарды. Түйіншектері көрінген жерге шашылды. Бүкіл полкка құлқі болды. Ыза болған старшина Кәкенге атының тізгінің ұстасып тұрып өз тараپынан «бір нарядты» және қости:

Кәкен атты қайтерін білмеді. Айдалаға айдал жіберуге кимады. Енді мұны неңдей мұктажға жаратуға болар еді? Текten текке жетектеп жүре бергеннен не пайда?

Кенет оған бір ой сап ете қалған еді. Ол атын жетектеп Сергейге барды.

- Ат сатам, аласың ба?
- Менің акшам жоқ кой.

— Фонарың бар емес пе? Кел, ауыстырайық. Сергей үндегі қоймады. Аттан бірдене түсінетін кісіше арғымакты бір айналып отті. Машинаның донғалағын көргендегі салын қысып қойды. Мұны ат жақтырмай артқы аяғын сермелеп қалды. Сергей анадай жерге оршип түсті. Бірак беті қайтқан жоқ. Ол атты алыш, Кәкенге фонарын берді.

Сөйтіп Кәкеннің алғашқы арманы орындалған еді. Жұпжұка кара фонарь. Ұш түсті жарық береді. Қандай ғажап десенізші. Фонарь колға түскеннен кейін Кәкен көнілінің орнықканы сонша, ол үшін бұл дүниеде Гитлерді құртудан басқа арманың бері басына орындалып қалғандай болды. Ол түнде фонарын мұлде сөндіруді қойды. Ананың да алдына апарып жағады, мынаның да алдына апарып жағады. Ол ол ма, тіпті құндіз де жылтындана беретінін қайтесіз.

Фонарьдың қызығы басылмай жүрген күндердін бірі еді. Батальон бір төбені бауырлап ағып жатқан бұлақ жағасына токтап түстенбек болды. Солдаттар шешініп тастап, мөлдір суға жуына бастады. Ал Кәкен тіпті төбенің үстінен шығып кеткен еді. Бір жерде тыныштық тауып жүре алмайтын. Табигатында тынымсыз Кәкен сол төбенің үстінен шықты да, ар жағына қарап, ұзак тұрып қалды. Басының да кимылдамауына қарағанда ол көзін бір нүктеден айырмаса

керек. Кепет ол шұғыл бұрылып төбеден жүгіріп түсті де, алтыншы ротаға, Сергейге келді.

— Сережка, — деді ол, ентіге сөйлеп, — мә фонарың, атымды өзіме бер.

— Эрман жұр,— деді Сергей,— сауда сақал сипағанша.

— Бер деймін, әйтпесе...

— Өй, өзің не тантып тұрсын?

— Ендеше жұр менімен бірге.

— Қайда?

— Анау төбенің басына.

Олар төбе үстіне шықты да, ар жағына қарап тұрып қалды. Екеуінде де кимыл жок. Тіпті біріне бірі көз салмайды. Тосыннан біреудің көзі түссе ол екеуін тірі адам емес, тас бейне деп қаларлыктай еді. Содан олар әлден соң барып қозғалыска кірісті. Әуелі Сергей қозғалды. Ол кері бұрылып төбеден жүгіріп түссе берді. Сол екпінімен ротаға келіп, арбада байлаулы тұрған атты шешіп алды да, жетектеп төбе үстіне қайта шықты.

Төбенің ар жағында бір румын шаруасы тырмаға әйслімен екеуі қоса жегіліп, алақандай жерін тырмалап жұр екен. Тістері топыракқа сүйем карыс батып кеткен тырманы шірене тартқанда екеуінің де маңдайы жерге тиіп кете жаздайды.

Кәкен мен Сергей күрен арғымақты тізгінін бірдей үстап шаруаның жанына келді. Әуелі солдаттар шаруаға, шаруа солдаттарға үн-тұнсіз қарап біраз тұрысты. Солдаттар жүзінде аяушылық бар да, шаруалар көзінде тандану бар. Соңан соң екі солдат бірдей тізгінді шаруаға ұсынды.

Шаруа басын шайқады.

— Ала берініз.

— Қорықпаңыз.

— Лей жок,— деді шаруа.

— Жай беріп тұрмыз, ала берініз,— деді Сергей. Әлде шаруа орысша айтылған сөзге түсінбеді ме, болмаса, өмірден мұндай сый алып көрмеген жандар осы жерден бір пәле күтті ме, әйтеуір басын шайқап шегіне берді. Осы кезде Кәкен тізгінді өз қолына алды да, атты тырмаға байлады. Соңсоң досына бұрылып:

— Жұр, кеттік,—деді.

Екеуі төбеден аса беріп, арттарына бір бұрылғанда шаруа мен оның әйелінің өздері сонынан көз алмай қарап тұрғанын көрді.

Бұлакқа жеткенде Кәкен бөгеліп Сергейге фонарын ұсынды.

— Мә, өзің ал.

— Мұның не?

- Енді... атты шаруаға бердім ғой.
— Оны берген сен бе екенсін. Мен өзім емеспін бе,—
Кәкен досына қарап құлді.

Егіз

Рота күрілдеп ақкан тау өзеніне жетіп тоқтады. Күз салқыныпай сүреңсіз тартқан беткейге солдаттар шашырай жайғаса бастады.— Осы жерде рота түстеніп, біраз тынықпак.

Шәкір су әкеліп, шай қойып, Шәкірат сары мойын, бәкісімен консерві ашып тамактануға кірісті. Бұл екеуі егіз солдат.

Бойлары да, шаш қойыстары да бірдей. Онсыз да бірінен бірі аумайтын турлерін солдат киімі одан сайын ұқсастыра түскендей еді. Басқа ұлттың кұлағына аттары да бірдей болып естілсетін.

Бір жүріп, бір тұру жалпы егіз біткенге тән қасиет. Сол сияқты мына екеуі де бірінен бірі айрылмайтын. Жатар орындары катар. Сапта да бірге. Тамақты да ексуара бір топатайдан іshedі. Эскер қатарына шақырылғаннан бергі екі-үш жылда бұлар талаій бөлімдер мен бөлімшелерде болды. Сонда да екеуін ешкім ажыратпаган. Осыған қарғанда совет адамдары бұларды үнемі қызықтап жүрген сияқты. Міне, олар майданда да бір отделениеде. Шабуыл кезінде де жұттары жазылып көрген емес. Дозорға да бірге аттанады... Осылай олар Карпат тауына да бірге жеткен еді.

Жарты сағат өтер-өтпесте рота қайта сапка тұрды. Рота командирі — картаң капитан сапты қөзімен бір шолып өтті де:

— Біздің ротаның алдына ерекше бір тапсырма қойылып отыр,— деп, батыс жақтағы жалтыр төбелі үлкен тауды нұскады,— анау тауда дүшпан жатыр. Бекінісі мықты. Біз оның арт жағынан шығып, ту сыртынан сокқы беруіміз керек!

Капитан сапка қарады. Оның үнсіз түйілген кезіне «алда киын-қыстау кезең бар» деген сыр ұялаған сияқты. Сапта, «тапсырма қойылған екен, енді оны орындаудан басқа қандай сөз болуы мүмкін» дегендей үнсіз.

Шәкірат жан-жағына қарады. Енді байқады, күрілдеген өзен шыныңда қақ жарып, ағып жатыр екен. Екі жағындағы үй қабырғасындағы тіп-тік шатқал басын сүреңсіз сүр бұлтқа сүғып жіберіпті. Түтілген жұндай жалбыраған сол бұлт Шәкірат қозінесі мына тас қабырганың тағы қаншасын

жасырып түр дессийші. Ендігі сәтте капитан Шәкірат көзі түскен шатқалдың оң жағындағысын көрсете сөйледі.

— Фашисттер бекіністеріне жететін бір-ақ жолды ескермеген сияқты. Ол мына құз-шатқал арқылы жүретін жол. Біздің сапарымыз да сол кия арқылы отпек. Бұдан бұрын бұл кияны адам басты ма, баспады ма, оны ешкім білмейді. Анның жүрген-жүргемені де беймағлұм. Бірақ содан біз өтуіміз керек. Суворов бабамыз айтқандай киік оргыған жерден орыс солдаты өту керек, жә киік өте алмаған жерден де орыс солдаты жол табуға тиіс.

Сап әлі үнсіз. Бұлт киінген құз бұларға, бұлар құзға қабактарын түйе қарасып түр. Екеуі де табиғаттың жекпе-жекке шыққалы түрған екі құдіретіндегі еді.

Капитанның иек қағып, ымдауымен старшина взводтарға кендір жіп үlestірді. Мұнымен солдаттар он-оннан тірке-сіп байлануға тиіс. Жұптары жазылмайтын: егіздін Шәкірі алдыңғы онның соңғысы болып байланды да, Шәкірат келесі онның алды болды. Эр солдаттың арасы үш-төрт метрден болып рота жолға шықты. Ұзын тізбек үнсіз жылжып сай қуалап жүріп келеді. Сәл болса да әлі бір ой жок. Ылғи өр-өр. Мана калың бұлт жауып өткен еді, одан кейін ауа сызданып, салқын леп тартып, жер беті мұздан жұка тон киініп, қабыршактанға қалыпты. Аяқ асты күрт-күрт етеді. Алға қарай жылжыған сайын, жоғары қарай өрмелеген сайын тоңың қалындағы түскені байқалады. Осындағы жолда рота әр метрді ауырлай алғып, алымдай басып келе жатыр.

Манағы жерден көтерілгендерінен қырық минуттай уақыт өтті-ау дегенде рота құз-кияға иск арта бастады. Капитан алда. Қиядан жол тауып келе жатқан сол. Сонында — ротасы. Үн шығармау ерекше ескертілген. Құзда да, солдаттарда да үн жок. Мана он-оннан байланысып болғаннан кейін капитан:

— Кендір-жіпті тартпай бос салып отырындар. Егер біреу-міреу жазатайым құлай қалғандай болса табанды тіреп, жіпті тарта қоюға да дайын болындар. Тәмен, өзенге көз салмауға тырысындар. Не алға, не аяқ астына ғана қарап жүргендерің жөн болар. Соқпақты табандарынның құз жақ қырымен басуға тырысындар,—деген.

Шәкірат соның бәрін естен шығармай, аяғын санап басып келеді. Алдағы Шәкір де капитан ескертпелерін есіне мықтап түйсе керек, ол да аяғын абайлаш басатын сияқты. Тау жолы ротаны құзды шынды көртіп жасағандай кия соқпаққа әкеліп салған болатын. Енді рота соны қуалап жүріп келеді. Біраздан кейін соқпақ ені тарылып бара жатқанға ұқсады. Ол тарылған сайын солдаттар оң ығымен

күзға жабыса түседі. Шәкірат бір дүркін жап-жагына көз салды. Оң жағында – күз қабырғасы. Бұлтқа сұнгіп жоғалыпты. Сол жағында күз көз үшінде гүрледеп жатқан тау өзеніне тік құлапты. Алда Шәкір жылжып барады. Арт жакка көз салуга мұрша жок. Кенет тізбектің алдыңғы жағынан солдаттан солдатқа кошкен бір күбір келе жатты. Оны Шәкір Шәкіратқа жеткізді.

– Енді күзға жабысып жүрсін.

Бұл бұйрықты Шәкірат озінің соңында келе жатқан солдатка айтты. Ол солдат күбірді етекке қарай жөнелтті.

Шәкірат күзды құшағына ала бұрылды да, қолымен тас қабыргадан саусақ ілінер жік іздел жылжи берді. Енді аяқтарын бірінен-бірін оздыра тастан отыратын жүріс жок. Әуелі сол аяғын аттап алады да, соңсоң оның жанына он аяғын алып кеп қояды. Одан кейін сол аяқ алға қарай жылжиды...

Әлде осы сапардың ең киын кезеңі ме екен, кия сокпағының ені жарты метрге дейін тарылды. Оның үстіне озенге қарай құлама. Және кия сокпағы жұқалаң мұз киінген, Шәкірат аяғын абайлап басып әрен жылжиды. Әр адымын жасаған сайын буыны дір-дір етеді. Аяғы дірілдеп, дене салмағы қолға түседі. Саусақтары тас жықпылдарына темір ілгіште іліне қалады. Сонымен бірге оның көзінің бір киғы Шәкірде. Кейде оған Шәкір қолын бір сәтсіз жіккесе салғандай болып көрінеді. Кейде табанына дұрыс тіреу таба алмағандай болады. Сынарының әрбір сәтсіз-ау деген құмылы мұның жүйке тамырын шертіп калатындей. Ол сонын тілеуін тілейді. Әр адымын аттаған сайын артына қараілап келе жатқан Шәкір де Шәкірат жөнінде дәл осындағы құбылыста еді. Әркайсысы өздерінен бұрын сынарының камын іштей жеп келе жатқан еді.

Кенет... Шәкір Шәкіратқа қараймын дей бергенде, сокпақ аяғы астынан бұлтың етіп шығып кеткендей сырғи жонелді. Сол екпінімен ол сокпактан тіреу таба алмай күзға түсіп кетті. Әйтеуір оның алдындағы солдаттың кендіржіпті уактында тартып ышқынып тұра қалғаны! Әйтпегенде он солдаттың бір сәтте ғайып болуы сөзсіз еді. Дегенмен оның да аяғы сокпақ жиегінде болатын. Табаны неге тірелгенін кім білсін, әйтеуір сол жиекте дір-дір етеді. Оның ар жағындағы солдат та жан корғау қамына кірісіп жатыр. Алға «солдат құлады» деген үрейлі күбір кетті. Бірақ амал не, күбір жеткен адамдар да лажсыз. Олар солдат құлаған тұсқа еш жақтан да жақындан келе алмаушы еді. Тек үрейлі хабарды естіді де тұра берді. «Солдат шыкты» деген сияқты жаксылық күтті.